

ӘОЖ 001:165.7

ПОСТ-ШЫНДЫҚ (POST-TRUTH) ҰҒЫМЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Калдыбекова Айдана Джаркинбековна,
aidanakaldybekova@gmail.com

Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ, Саясаттану кафедрасының докторанты,
Ғылыми жетекшісі - Жанпейісова Қ.

2016 жылы Оксфорд сөздіктері «пост-шындықты» немесе «пост-ақиқатты» «Жыл сөзі» ретінде таңдады және оны «объективті фактілер эмоциялар мен жеке сенімге қарағанда қоғамдық пікірді қалыптастыруда азырақ әсер ететін жағдайларды білдіретін термин» деп анықтады. Бұл анықтама осы мақаланың бастапқы нүктесі болып табылады және осы терминнің мән-мағынасын анықтайды. Ұсынылған анықтама жаңа «пост-шындық» тұжырымдамасын саяси философиялық тұрғыдан бақылаудан туындайды және «шындық» ұғымына қатысты ғалымдар мен ойшылдардың берген негіздемелерін қамтиды. Бұл мақала зерттеушілерге екі сұраққа жауап беруге көмектеседі: «пост-шындық» қандай құбылыс және бірақ дәл осы кезеңде неге танымалдылыққа ие?

Кіріспе

«Пост-шындық» терминін қазіргі заманғы контекстінде бірінші қолданған адам – серб-америкалық драматург Стив Тесич [1]. 1992 жылғы «A Government of Lies» мақаласында Тесич американдық қоғамдастықты Буш әкімшілігінің өтіріктерін мойынсұнушылықпен қабылдағаны және шындықтан кейінгі әлемде, яғни шындық енді маңызды емес немесе өзекті болмайтын әлемде өмір сүруді саналы түрде қабылдағаны үшін сынға алды. Бұл термин 2004 жылы Ральф Кейстің «The Post-Truth Era» кітабында жаңа қырынан қарастырылды [2].

Тек 2016 жылы Америка Құрама Штаттарының президенттік сайлауы мен Ұлыбританияның Еуропалық Одақтан шығуы туралы референдумы аясында (Brexit) пост-шындық ұғымы қалыптасқан құбылыстарды сипаттау үшін қолданыла бастады және оны ғылыми әрі саяси ұғым ретінде қолданыла бастады. Дәл осы себепті Оксфорд сөздіктері бұл терминді 2016 жылдың «Жыл сөзі» деп таңдап, оған «қоғамдық пікірді қалыптастыруда объективті фактілер эмоциялар мен жеке сенімдерге қарағанда, аз ықпал ететін жағдайларға қатысты термин» деген анықтама берді [3].

Осы орайда, бұл мақалада көптеген академиялық тартыстарға негіз болған «пост-шындық» тұжырымдамасы жаңа құбылыс па, әлде бұрыннан бар белгілі бір жағдайлардың нәтижесі ретінде танымал болған және осы кезеңде ғана жаңа атауға ие болған құбылыс па деген мәселе қарастырылады. Егер жаңа құбылыс болса, онда ол қандай инновацияны ұсынады, әрі оның пайда болу себебін және неліктен пайда болғанын түсіну керек. Егер бұл жаңа құбылыс болмаса, онда оның неліктен қазіргі уақытта әйгілі болғанын және дәл осы уақытта жаңа атқа ие болуын түсіну керек. Осылайша екі негізгі сұрақ туындайды: «пост шындық» ұғымы қандай құбылысты сипаттайды? Бұл ұғым неліктен бүгінгі күні маңызды болып тұр және оның маңыздылығының алғышарттары қандай?

Саяси философияның негізгі мақсаты ұғымдарды зерттеу, олардың нысандарын нақтылау және түсіну болып табылады. «Пост-шындық» ұғымын талдау бізге саяси тартыстардың және саяси билік пен идеологиялық гегемония үшін жүргізілген күрес айналасында болып жатқан құбылыстарды түсінуге көмектеседі. Сондықтан, төменде келтірілген саяси философиялық шолу бірінші сұраққа жауап беруге тырысады, яғни «пост-шындық» деп аталатын қандай құбылыс?

Бұл мақала ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі жаңа саясаттың тетіктері мен технологияларына ықпал ететін пост-шындық пен жалған жаңалықтар құбылыстарын зерттеуде шындықты түсіну және қабылдаудағы құралдар мен әдістерді әзірлеу басты мақсаты болып табылатын зерттеу жұмысының бөлігі. Зерттеу ең алдымен феноменнің бірегейлігін, шығу тегі мен сипаттамаларын - олардың ұлттық қауіпсіздік пен демократиялық үдеріске әсерін талқылауға және олармен күресудің жедел стратегияларын жасауға арналған маңызды кезең ретінде түсінумен айналысады. Бұл мақаланың мақсаты «пост-шындық» ұғымы мен бұл терминнің сипаттап отырған құбылыстарды саяси философиялық бақылап түсінуге ықпал етеді.

Пост шындық құбылысын қарастырған ойшылдар мен ғалымдар

Бірқатар ғалымдар XX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген дистопия жазушысы Джордж Орвеллдің «бүкіл саясат спектріндегі саясаткерлер өтірік айтады және олардың өтіріктері шындыққа айналады» деген сөзіне жиі сілтеме береді [4].

Философ Ханна Арентт өзінің 1967 жылы жазған «Truth and Politics» атты мақаласында, шындық пен адалдық ешқашан саясаткердің қасиеттерінің қатарына қосылмаған, ал өтірік әрдайым саясаткерлер мен мемлекет қайраткерлерінің қажетті және негізді құралы ретінде қарастырылған деп атап өтті [5]. Алайда, қазіргі әлемде нақты шындық (немесе ағылш., *factual truth*) көп жағдайда саяси топтардың мүдделеріне қайшы келеді және бұрынғы тарихи кезеңдерге қарағанда үлкен қарсылықпен қабылданады. Аренттнің пікірінше, нақты шындықтың ең үлкен антагонисті - бұл өтірік емес, пікір, әсіресе нақты факт пен пікірдің арасындағы бұлыңғырлық. Аренттнің пікірінше, мақсатты түрде өтірік ақпаратты таратушы кез келген тұлға өтірікті әдейі және ашық түрде жасырғысы келсе, үстем болып тұрған сөз бостандығы мен өз пікірін еркін білдіру құқығын алға тартатын либералды демократиялық құрылым оның бұл мақсатын еркін әрі заңды түрде жүзеге асыруға мүмкіндік беруде. Негізінде, нақты шындық немесе шынымен болған оқиға кез келген интерпретациядан толығымен еркін бола алмайтындығы анық. Дегенмен, бұл дегеніміз факт, пікір және интерпретация арасында белгілі бір шекара сызуымызға тосқауыл бола алмайды. Бұл ұғымдар арасында шекара белгілеу негізінде өзара бұлыңғыр болып тұрған факт, жалған және оның айналасындағы пікірлерді бір бірінен ажыра алмайтын қоғамға алып келетіні сөзсіз. Мұндай қоғамда бұқаралық ақпарат құралдары факт, пікір және интерпретация арасындағы қатынасты одан әрі бұлыңғырлата түседі. Мысалға, бұған дейінгі кезеңдерде жалған ақпарат әдетте сыртқы жауларға немесе тікелей саяси тұлғаларға қарсы бағытталған болса, бүгінгі күні бұл жалған ақпараттар ішкі қоғамды нақты шындықтан алшақтату немесе адастыру үшін ең алдымен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылуда.

Ханна Арентт бұл мәлімдемелерді елу жылдан астам уақыт бұрын қолға алғандығын негізге алатын болсақ, «пост-шындық» мәселесін жаңа пайда болған құбылыс ретінде қарастыру ғылыми тұрғыдан қате болатындығын ескеруіміз қажет. Нақтырақ айтқанда, британдық журналист Мэтью Д'Анкона өте дұрыс анықтағанындай, Ханна Арентт пен Джордж Орвелл сияқты ойшылдар пост-ақиқат құбылысын XX ғасырдың өзінде қолға алып қарастырған[6].

Пост шындық құбылысы дегеніміз не және ол несімен ерекшеленеді?

Профессор Ювал Ной Хараридің пайымдауынша, пост шындық құбылысы *homo sapiens*-тің, яғни ақылды адамның негізі ерекшелігі болып табылады. Нақтырақ айтқанда, *homo sapiens*-тің негізгі құдіреті ойдан аңыздар мен түрлі әңгімелер шығару, бір біріне мүлдем бейтаныс адамдарды біріктіретін және ынтымақтастыратын мифтер, діндер мен

идеологияларды өндіріп, оған сенуде жатыр [7]. *Homo sapiens* кез келген шындықтан гөрі билікті және әлемді түсінуден гөрі бар уақыты мен күшін әлемді басқаруға жұмсауды қалайды. Бүгінгі күні пропаганда мен адамдарды және жалған ақпарат пен адамдардың наным сенімдерін бір арада тоғыстырып отырған технологиялар жалған ақпараттардың белең алып ерекшеленуіне себеп болып отыр [8].

Тролляр мен хакерлер адамның ерекше әлсіз жақтары мен тенденцияларын анықтау үшін үлкен деректер алгоритмдерін қолданады, содан кейін оларға сәйкес келетін оқиғаларды ойдан құрастырады. Олар бұл оқиғаларды сенушілердің нанымдарын нығайту, қоғамдағы алауыздықты күшейту және демократиялық жүйені іштен ыдырату үшін қолданады. Философ Ли Макинтайр, дәл осы Ювал Ной Харари сияқты, пост-шындық құбылысының негізгі ерекшелігі шындық пен фактілердің болуын жоққа шығарудан гөрі, фактілерді адамның жеке түсінігіне немесе субъективті көзқарасына бағындыруында жатыр деп санайды [9]. Макинтайрдың ойынша, дәл осы пост-шындық дәуірінде кейбір фактілер айналада болып жатқан басқа фактілерге қарағанда әлде қайда маңыздырақ және кейбір фактілердің басқа фактілерден маңыздырақ деп бағалайтын критерийлер фактілерді адамның пікірі немесе көзқарасымен тоғыстыратын өлшемдер болып табылады.

Америкалық философ Дэниел Деннетт [10] британдық журналист Карол Кадвалладрға берген сұхбатында «адамзат орта ғасырлардан бері басынан кешірмеген эпистемологиялық толқулар мен белгісіздік кезеңіне» өтіп жатқандығын атап кеткен болатын. Деннеттің пайымдауынша, біздің алдымыздағы нақты қауіп ақиқат пен фактілерге деген құрметімізді жоғалтуында және фактілер негізінде әлемді түсінуге деген ұмтылыстан айырылуында жатыр.

Қорытынды

Сонау антика заманынан бастап бүгінге дейін шындық, ақиқат және жалған ұғымдары бір қатар ойшылдардың саяси философиялық ойларының негізін қалыптастырғанын назарға ала отырып, «пост-шындық» құбылысының бүгін ғана пайда болған күрделі мәселе емес екендігін еш бір күмәнсіз алға тартуға болады. Дегенмен, пост-шындық термині ғылыми айналымға ХХ ғасырдың соңында енгеніменен, ақпараттық технологиялардың жылдам дамуы мен 2016 жылы батыстағы саяси процестерге байланысты ғылыми ортада өте қызу талқыға түсіп, жаңаша кейіпке ие болған болатын. Шындық пен фактілердің болуын жоққа шығарудан гөрі, фактілерді адамның жеке түсінігіне немесе субъективті көзқарасы мен эмоцияларына бағындыру; факт, жалған (немесе ағыл.,fake) және оның айналасындағы пікірлерді бір бірінен ажыра алмайтын бұлыңғырлық арқылы қоғамға кері саяси әсер ету пост-шындық құбылысының негізгі ерекшелігі болып табылады. Сонымен қатар, бүгінгі күні пропаганда мен адамдарды және жалған ақпарат пен адамдардың наным сенімдерін бір арада тоғыстырып отырған технологиялар жалған ақпараттардың белең алып, нақты шындықтан алшақтату немесе адастыруда да ең алдымен бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер себеп болып отыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Steve Tesich, "A Government of Lies," *The Nation*, January 6, 1992.
2. Ralph Keyes, *The Post-Truth Era: Dishonesty and Deception in Contemporary Life* (New York: St.Martin's Press, 2004)
3. Oxford Dictionary, "Word of the Year 2016," 2016, <https://en.oxforddictionaries.com/word-of-the-year/word-of-the-year-2016>
4. George Orwell, *Politics and the English Language* (Peterborough: Broadview Press, 2006), p. 258.
5. Hannah Arendt, "Truth and Politics," *The New Yorker*, February 25, 1967.

6. Matthew d'Ancona, *Post-Truth: The New War on Truth and How to Fight Back* (London: Ebury Press, 2017).
7. Yuval Noah Harari, *21 Lessons for the 21st Century* (Kinneret-Zmora-Bitan Dvir, 2018); Yuval Noah Harari, "The Truth about Fake News," *Yediot Ahronot*, December 20, 2018, <https://www.yediot.co.il/articles/0,7340,L-5430064,00.html>; Yuval Noah Harari, "Yuval Noah Harari Extract: 'Humans are a Post-Truth Species,'" *The Observer*, August 5, 2018, <https://www.theguardian.com/culture/2018/aug/05/yuval-noah-harari-extract-fake-news-sapiens-homodeus>.
8. Harari, "The Truth about Fake News."
9. Lee McIntyre, *Post-Truth* (London and Cambridge: MIT Press, 2018).
10. Carole Cadwalladr, "Interview with Daniel Dennett," *The Guardian*, February 12, 2017.